

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2026 жылдың 3 сәуір күні Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде Темірбек Қожакеевтің 100 жылдық мерейтойына орай қазақтың белгілі ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері «ТЕМІРБЕК ҚОЖАКЕЕВ – ҚАЗАҚ САТИРАСЫНЫҢ САРДАРЫ» атты тақырыпта Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

- 1.ТЕМІРБЕК ҚОЖАКЕЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ САТИРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ
- 2.ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ
- 3.БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ
- 4.ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
- 5.ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

Конференция қазақ, орыс тілдерінде жүргізіледі.

Конференция материалдары ғылыми жинақ түрінде шығарылады, бірақ электронды нұсқада таратылады. Ұйымдастыру комитеті мазмұны мен рәсімделуі талаптарға сәйкес келмейтін мақалаларды жариялаудан бас тартуға құқылы.

Ұйымдастыру комитеті: Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы.

Жауапты қабылдаушылар: Пертаева Эльмира Құлибайқызы, Беркенова Рабига Агабекқызы. Байланыс телефондары: 87018162394, 87776498992, 87058456969

Мақала мәтіні мен оның электронды нұсқасы **2026 жылы наурыз айының 30-на** дейін мына мекен-жайда қабылданады: Қаратай Тұрысов көшесі, 3д/1, e-mail: auditor.59@mail.ru.

Конференцияға тіркелу **2026 жылы сәуір айының 3-і күні сағ. 9.30-дан** бастап жүргізіледі. Конференцияның басталуы - сағ. 10.00-де (онлайн және офлайн жүйесінде).

Конференцияға қатысушыларға қойылатын талаптар:

Конференцияға қатысу үшін автор ретінде ұйымдастыру жарнасын жіберуі тиіс: Жарнасы –5000 теңге.

Реквизиттер: ХТУ, Желтоқсан 69 «б». АО «Банк Центр Кредит», РНН-211500236592. БИН-080640010161. ИИК-KZ288562203101941039. БИК-KGJBKZKX. К6е-17.

Мәтін көлемі – 5 беттен аспауы тиіс немесе тезис үлгісінде. Жинақ электронды нұсқада жіберіледі. Баяндама мәтінінің сол жақ жоғарғы бұрышында міндетті түрде УДК (ӘОЖ) индексі қойылуы тиіс; редакторы – WORD, 12 шрифт. Мәтіндер TIMES NEW ROMAN қарпімен жазылуы қажет, 12 кегль, интервал – 1 (бір). Беттің астыңғы және үстінгі жақ өлшемдері – 2 см., оң жақ өлшемі – 1,5 см., сол жақ өлшемі – 3 см. Мақалаға бет сандары қойылмайды.

Мақалалардың баспа мәтіні және электронды нұсқасы болуы керек. Сілтеме жасалған әдебиеттер мақала ішінде реттік саны бойынша тік жақшаға алынып [1, 25б.], мақала соңында сол ретімен беріледі. Талапқа сай орындалмаған мақала баспаға жіберілмейді, жинаққа шығарылмайды.

Қазақ тілінде жазылған мәтін үшін – **орысша**, ағылшынша түйіндеме, орыс тілінде жазылған мәтіндер үшін – **қазақша**, ағылшынша түйіндеме берілуі тиіс.

Мақаланы рәсімдеу үлгісі:

ӘОЖ 82.451 (021)

УДК 82.451 (021)

Т.ҚОЖАКЕЕВ – ҚАЗАҚ САТИРАСЫНЫҢ САРДАРЫ

ИГИЛИКОВА ЭЛЬМИРА САУЫТБЕКҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің сеньор-лекторы, п.ғ.м.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Түйіндеме (баяндама қазақ тілінде болса, онда түйіндеме орыс, ағылшын тілдерінде, ал орыс тілінде болса, онда түйіндеме талаптарға сәйкес қазақ, ағылшын тілдерінде болады)

«Темірбек Қожакеев – бүгінде сатириктердің әрі сардары, әрі ұстазы. Ұстаз болғанда қандай! Санаулы сатириктерге ғана емес, соңғы қырық жылда университет бітіріп, қолына қалам алған қазақ журналистерінің бәріне ұстаз» [1, 222б.].

Қазақ сатирасының өсіп-өркендеп, терең тамыр жаюына зор үлес қосқан ғалым-ұстаздардың бірі де бірегейі – Темірбек Қожакеев! Ол – қазақ сатирасын егжей-тегжейлі зерттеп, сатиралық жанрлар жүйесін жете зерделеген һәм теориялық жағынан негіздеген ғалым. Бұған дейін қазақ әдебиеттану ғылымында сатира мен юморды терең зерттеп, талдаған ғалым болған жоқ. Оның қаламынан туған ондаған оқулықтар мен монографиялар және жүздеген ғылыми еңбектерді жинақтап, тасқа басса, Қазақ сатирасының энциклопедиясы секілді толымды дүние әрі болашақ оқырмандар мен жас зерттеушілер үшін аса құнды ғылыми еңбек болары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қабдолов З. Көзқарас: Талдаулар мен толғаныстар. – Алматы: Рауан, 1996.–256 б.